

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

2022 жылғы 6 мамыр

№: AIFC-C/CFI/2022/0009 ic

АРМАН ҚУАТОВ

Талап қоюшы

v

«SERGEK DEVELOPMENT LTD» ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫ

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

Апелляция беруге рұқсат ету туралы өтініш қабылданған жоқ.

ШЕШІМ

1. АХҚО Ұсақ даулар соты (судья Патрисия Эдвардс) № AIFC-C/SCC/2021/010 іс бойынша 2022 жылғы 14 наурыздағы бұйрықпен және шешіммен Арман Қуатовтың өзі мен Жауапкер - «Sergek Development Ltd.» жеке компаниясы арасындағы еңбек шартымен байланысты талап арызын қабылдамады.
2. Осы шешімге шағымдануға рұқсат алу үшін талап қоюшы 2022 жылғы 5 сәуірдегі өтінішпен АХҚО Бірінші инстанция сотына жүгінді. Жауапкер өтінішке қысқаша жазбаша қарсылық берді.
3. Талап қоюшы өтініштің қағазда қаралуын сұрады. Мен ауызша тыңдаудың қажеттігі жоқ екеніне көзім жетеді (АХҚО Сотының Қағидаларының 29.17 қағидасы).
4. АХҚО Сотының Қағидаларының 29.6 қағидасында егер апелляциялық сот (1) апелляцияның табысты болуына нақты мүмкіндіктер бар деп, немесе (2) апелляциялық шағым қаралуы тиіс болатын тағы да бір салмақты себеп бар деп санайтын болса, апелляцияға рұқсат беріле алатыны көзделген. 29.7 қағидаға бойынша апелляцияның табысты болуы төмен тұрған соттың сот өндірісінде маңызды процессуалдық немесе өзге де бұзушылықтар болуы себебінен төмен тұрған соттың шешімі (1) дұрыс еместігін немесе (2) әділетсіздігін анықтауға байланысты.
5. Талап қоюшының осы өтініш бойынша дәлелдері төмен тұрған соттың шешімі Сот шешімінің §§37-45-тарында қаралған еңбек шартын бұзуға қатысты бір мәселе бойынша қате болды деген мәлімдемемен шектеледі. Шешімде қаралған басқа мәселелер бойынша немесе қандай да бір процессуалдық мәселелерге жасалған қорытындыларға ешқандай шағымдар берілмеген.
6. Шартты бұзу туралы мәселеге келетін болсақ, судья талап қоюшының жауапкерді еңбек шартын бұзуға міндеттейтін бұйрық шығаруды сұрағанын жазған (§37). Ол шарттың 2-

тармағының қолданылуы шарт бастапқыда 2020 жылғы 12 маусымнан бастап бір жыл жұмыс істеуге жасалып, бірақ тараптардың ешқайсысы бірінші жыл аяқталғанға дейін шартты бұзу туралы хабарлама жібермегендіктен, тағы бір жылға автоматты түрде ұзартылғанында болып табылатынын анықтады (§§38-39). Ол егер тараптардың бірі екінші тарап жағынан елеулі бұзушылық орын алғаннан кейін шартты бұзу туралы шешім қабылдаса, шарттың қолданылуы осы мерзім аяқталғанға дейін тоқтатыла алатынын, алайда мұндай жағдай орын алмағанын атап өтті (§40). Мұның барлығы талап қоюшы тарапынан сын мәні болып табылмайды.

7. §41-та судья 2021 жылғы 23 шілдедегі хатқа сілтеме жасайды, онда талап қоюшы жауапкерге былай деп айтқан: *«Сізден менімен еңбек шартын менің бастамам бойынша 2021 жылғы 23 шілдеде бұзуды сұраймын...»*. Ол талап қоюшының шартты бұзуды қандай негізбен сұрап отырғаны онша түсінікті емес екенін атап өткен. Шарттың 10.4 тармағында былай делінген: *«Осы шарт өзінің бастамасы бойынша бұзылатын болған жағдайда, Жұмыскер Жұмыс берушіге 1 (бір) күнтізбелік айдан кеш емес уақыт бұрын жазбаша түрде хабарлауға міндетті және бұл кезең ішінде Жұмыскер: залалдарды, егер олар Жұмыс берушіге Жұмыскердің кінәсі бойынша келтірілсе, өтеуге; Жұмыс берушінің алдындағы барлық берешектердің түрлерін жабуға; басталған жұмысты аяқтауға міндетті»*. Судья талап қоюшы өзінің жұмыстан шығатыны туралы бір ай бұрын хабарламағанын және тармақта көрсетілгендердің қайсыбірін істеуді ұсынбағанын атап өтті (§42).
8. Апелляцияға рұқсат ету туралы өзінің өтінішхатында талап қоюшы шартты бұзу үшін негіздің анық болғанын, 2021 жылғы 23 шілдедегі хатқа дейін ол 10.4 тармақта тізілген міндеттемелердің бірде-бірі оның тарапынан орындалмай қалмағанына көз жеткізгенін және сондықтан ол шартты бір күнтізбелік айға кешіктірмей бұзуды сұрағанын айтады; және ол 10.4 тармақта талап етілген бір ай істі қарау сәтіне қарай қалай болғанда да баяғыда өтіп кеткенін, алайда жауапкер қандай да бір өтелмеген борыштар туралы хабарламағанын және солай бола тұра шартты бұзбағанын айтады. Алайда, менің көзқарасым бойынша, судьяның ой-пікірлерінде даулы қате жоқ және ол бұл мән-жайларда 2021 жылғы 21 шілдедегі хаттың Келісімді бұзу үшін күші жоқ болған деп өте дұрыс шешім қабылдаған.
9. §43-та судья тараптар балама ретінде шартты анағұрлым ертерек бұзуға уағдаласа алады деп және талап қоюшы өзінің 2021 жылғы 21 шілдедегі хатында және одан кейінгі 2021 жылғы 4 қазандағы хатында дәл осыны көздеген болуы керек деп мәлімдеген. Тараптардың келісуі бойынша шартты бұзу 10.5 тармақта қаралған, онда шартты бұзғысы келетін тарап екінші тарапқа хабарлама жолдауы тиіс, ол *«қабылданған шешім туралы үш жұмыс күнінің ішінде*


екінші тарапқа жазбаша түрде хабарлауы тиіс» және «Еңбек шартының тараптардың келісуі бойынша бұзылатын күні Жұмыскер мен Жұмыс берушінің арасындағы келісім бойынша анықталады» деп көзделген. Жауапкер талап қоюшының бірінші сұрауына жауап бермегенімен, ол жай ғана бас тарта алатын еді (яғни, Сот шешімін менің түсінуімше, ол шартты бұзудан жай бас тартумен жауап бере алатын еді). Қалай болғанда да, жауапкер 2021 жылғы 12 қазанда жауап беріп, талап қоюшының жұмысқа келіп, қалыптасқан жағдай жөнінде жауапкерге түсініктеме беруі қажеттігін мәлімдеді. Судья бұны талап қоюшымен жұмыстан ықтималды шығаруды талқылау үшін кездесуді өтіну ретінде сипаттады. Одан әрі қарай ол талап қоюшының мұны істемегенін, бірақ сот процесін жалғастырғанын атап өткен; шартты бұзу туралы келісімге қол жеткізілген жоқ.

10. Өзінің апелляцияға рұқсат ету туралы өтінішінде талап қоюшы оның хаттары шартты 10.5 тармаққа сәйкес тараптардың келісімі бойынша бұзуға емес, 10.4 тармаққа сәйкес оның бастамасы бойынша бұзуға бағытталған деп мәлімдейді. 10.5 тармаққа қатысты ол қалай болғанда да жауапкер талап қоюшының жасаған өтінішін жай ғана қабылдамай тастай алмайтынын және жауапкердің 10 қазандағы жауабы бұл тармақтың талаптарын бәрібір бұзғанын мәлімдейді. Сонымен қатар, талап қоюшы оның шарт бойынша жұмысы қашықтан атқарылғанын және ол шартты бұзу туралы өтінішке байланысты түсініктеме беру үшін өзінің кеңсеге келуін жауапкердің талап етуімен келіспейтінін мәлімдейді. Өзінің кеңседе кездесуден бас тартуының себебі ретінде ол кеңсеге келген кезде оған моралдық немесе физикалық қысым көрсетілетінін және оған сес көрсетілетінін келтіреді (бұл болжамды жауапкер үзілді-кесілді даулайды). Талап қоюшының аргументтерінің бірде-бірі, алайда, судьяның бұл мән-жайларда тараптардың шартты бұзу туралы келісімге қол жеткізбегендігі туралы ой-пікірлерінің елеулі тұстарына жауап бермейді; және судьяның бұл мәселе бойынша қорытындысы маған даулы түрде қате сияқты болып көрінбейді.
11. §44-та судья тиісінше, келісім күшінде қалады деп мәлімдейді: еңбек шартының тараптарының жұмыс істеуге дайын болу, оны қалау және оған қабілетті болу, сонымен қатар жалақы төлеуге дайын болу, оны қалау және оған қабілетті болу жөнінде өзара міндеттемелері бар; бір міндеттеменің орындалмауы екіншісін орындатпайды, бірақ бұл шарттың болуы тоқтатылады дегенді білдірмейді.
12. Өзінің апелляцияға рұқсат ету туралы өтінішінде талап қоюшы оның 2021 жылғы 21 шілдедегі хаты оның жауапкерде жұмыс істеуді қаламайтынын көрсеткенін судьяның байқамағанын айтады. Алайда судья жұмыс істеуді тек қаламаудың өзі ғана еңбек шартын тоқтатуға әкелмейтінін, бұл құқықтық позицияның дұрыс мазмұны болып табылатынын көрсеткен. Одан

әрі қарай талап қоюшы жауапкердің еңбек шартын бұзбауы оның еңбек бостандығын шектегенін және Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабын бұзғанын және судьяның §44-тағы шарттың күшінде қалатыны туралы қорытындысы заңсыз болғанын және оның азаматтық құқықтары мен бостандығын бұзғанын айтады. Істің судьяның алдында осылай аргументтелген-аргументтелмегені түсініксіз, бірақ қалай болғанда да мұның ешқандай негізі жоқ: бұл талап қоюшы ерікті түрде жасасқан әдеттегі еңбек шарты болған; тиісті мәселе оның бұзылған-бұзылмағандығында болып табылды және оның бұзылмағандығы туралы судьяның қорытындысы даулы түрде бұрыс та, заңсыз да, талап қоюшының азаматтық құқықтары мен бостандығын бұзатын да болған жоқ.

13. § 45-та судья шартты келісілген түрде бұзу қол жеткізуге болмайтындай нәрсе еместігін атап өтті және тараптардың бұл мәселені өзара шешетіндіктеріне сенім білдірді. Бір қарағанда, мұндай шешімге қол жеткізіліп те қойды. Талап қоюшы еңбек шартын 10.4 тармаққа сәйкес 2022 жылғы 30 сәуірде бұзу туралы 2022 жылғы 29 наурызда тағы бір жазбаша хабарлама жолдады; ал жауапкер сотқа жауапкердің осы бұзуды қолданысқа енгізетін 2022 жылғы 19 сәуірдегі жазбаша ішкі бұйрығын ұсынды. Алайда осы соттың төмен тұрған соттың шешімінен кейінгі күні атқарылғандығы көрсетілген және бұл шешімнің дұрыстығына ықпал ете алмайтын бұл құжаттардың қолданылуына қатысты қандай да бір қорытындыға келуінің қажеттігі жоқ.
14. Жоғарыда баяндалған себептер бойынша, осы іс бойынша апелляцияның табысты болуының нақты келешегі жоқтығына менің көзім жетеді. Оның үстіне, бұл апелляция қаралуы тиіс болатын қандай да бір салмақты себеп бар жағдай да емес. Бұдан талап қоюшының апелляцияға рұқсат ету туралы өтініші қабылданбауы тиіс екендігі шығады.

Сот қабылдады,



Өкілдік ету:

Талап қоюшы атынан өкілдік етілген жоқ.

Жауапкердің атынан өкілдік еткендер:

1. Даниель Музапбар мырза, «Көркем Телеком» ЖШС;
2. Асқар Исаев мырза, «Көркем Телеком» ЖШС